

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілері лауазымдарының тізбесін бекіту және «Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 501 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 15 қарашадағы № 432 Жарлығы
Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 30.01.2014 N 744 Жарлығымен.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілері лауазымдарының тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 30.01.2014 N 744 Ж а р л ы ғ ы м е н .

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілері лауазымдарының тізбесінде көрсетілген лауазымдардың атауларына олардың қызметінің ерекшелігін сипаттайтын арнайы қосымша атаулар қ о л д а н у қ ұ қ ы ғы б е р і л с і н .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 30.01.2014 N 744 Ж а р л ы ғ ы м е н .

3. «Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 501 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 49, 599-құжат; 2008 ж., № 9, 89-құжат; 2009 ж., № 12, 69-құжат; 2010 ж., № 51, 466-құжат; 2011 ж., № 37, 438-құжат; № 52, 710-құжат; 2012 ж., № 42, 551-құжат; № 58, 793-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімінде:
«С санаттарының тобы» бөлімінде:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
« С с а н а т т а р ы н ы ң т о б ы

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін о р г а н д а р

Орталық атқарушы органдар
Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық
Орталық атқарушы органдардың ведомстволары

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері»;
С-1, С-2 және С-3 санаттары мынадай редакцияда жазылсын:

« С - 1 с а н а т ы

А п п а р а т ж е т е к ш і с і ¹

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық жетекшісі

Орталық атқарушы орган комитетінің төрағасы

С - 2 с а н а т ы

Д е п а р т а м е н т д и р е к т о р ы ²

Орталық атқарушы орган комитеті төрағасының орынбасары

СІМ Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі

С е н і м д і у ә к і л

Халықаралық ұйым жанындағы тұрақты өкілдің орынбасары

Б а с к о н с у л

Шетелдегі мекеменің кеңесші - уәкілі

С - 3 с а н а т ы

Д е п а р т а м е н т д и р е к т о р ы н ы ң о р ы н б а с а р ы

Шетелдегі мекеменің кеңесшісі»;

сілтеменің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«² Орталық атқарушы органдардың ведомстволарынан басқа (ведомстволар құрамында департаменттер құру көзделмейді)»;

С-О-1, С-О-2 санаттары мынадай редакцияда жазылсын:

« С - О - 1 с а н а т ы

Өңіраралық, облыстық аумақтық департаменттің, инспекцияның жетекшісі

С - О - 2 с а н а т ы

Өңіраралық, облыстық аумақтық департамент инспекциясы жетекшісінің
о р ы н б а с а р ы

Облыстық және оған теңестірілген соттың кеңсе меңгерушісі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Тәртіптік кеңесі
х а т ш ы л ы ғ ы н ы ң м е ң г е р у ш і с і » ;

С-О-4 санаты мынадай редакцияда жазылсын:

« С - О - 4 с а н а т ы

Өңіраралық, облыстық аумақтық департаменттің, инспекцияның бөлім бастығы

Аумақтық бөлімнің жетекшісі - аға сот орындаушысы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі аумақтық органының
к о н с у л ь т а н т ы » .

4. Осы Жарлық 2012 жылғы 4 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н.Назарбаев*

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2012 жылғы 15 қарашадағы
№ 432 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілері лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 30.01.2014 N 744 Жарлығымен

1. Орталық аппарат, өкілдіктер
Департамент директоры
Департамент директорының орынбасары
Өкілдік бастысы
Басқарма бастығы
Басқарма бастығының орынбасары¹
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының көмекшісі, кеңесшісі
Консультант
Баспасөз хатшысы
Бөлім бастығы²
Бас маман
Жетекші маман
Маман
2. Филиалдар
Филиал директоры
Филиал директорының орынбасары
Бөлімше меңгерушісі
Бөлім бастығы
Құндылықтар қоймасының бастығы
Бөлім бастығының орынбасары
Инкассация тобының бастығы
Касса, қойма (құндылықтар) меңгерушісі
Бас маман
Жетекші маман
Маман

- — — — — — — — — —
- ¹Басқарманың штат саны кемінде 10 бірлік болған кезде енгізіледі
- ²Орталық аппараттың дербес басқармаларында ғана енгізіледі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК